

## Қаражат бөлу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 10 маусым N 271. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.11.07. N 1354 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының оңтүстігі мен оңтүстік шығысында сейсмикалық жағдайлардың күрт шиеленісуіне байланысты және "Алматы қаласында, Алматы және Талдықорған облыстарында болуы мүмкін жер сілкіністерінің залалын азайту және олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1490 P941490\_ қаулысында көзделген Сейсмологиялық байқаулар мен жер сілкіністерін болжаудың республикалық жүйесін құру және дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Сейсмология институтына Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 50,0 (елу) млн. теңге: оның 40 млн. теңгесі жаңадан болжаулық байқау станциялары мен пункттерін құруға және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жарақтандыруға; 10 млн. теңгесі Сейсмологиялық байқаулар мен жер сілкіністерін болжаудың республикалық жүйесіне айрықша жұмыс режимі енгізілген кездегі төленетін қосымша еңбекақыны қоса алғанда, жер сілкінісін болжау жөніндегі қосымша байқаулар ұйымдастыру және өндірісіне байланысты жұмыстарға ақы төлеуге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі

мемлекеттік комитеті бөлінген қаражатты игерудің тиісті бағдарламасын бекітсін және оның орындалуына қатаң бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы-валюта бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуына бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министрдің  
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК